

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының 2021 жылғы 30 қыркүйектегі  
№ 294 бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің 2022-2024 жылдарға арналған  
даму жоспарының іске асырылуы туралы есеп**

Есеп кезеңі: 2021 жыл

**1. Мақсаттар мен нысаналы индикаторларға қол жеткізу**

№	Нысаналы индикатордың атауы	Ақпарат көзі (нысаналы индикаторларға нақты қол жеткізілгенін растайтын ақпарат көзі (статистикалық ақпарат, есептеу формулалары және тағы басқа) көрсетіледі)	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Ескертпе (Орындалды/ Орындалған жоқ)
				Жоспар	2021 жыл (макроиндикатордың нақты мәні көрсетіледі)	
1	2	3	4	5	6	7
<b>1-стратегиялық бағыт. Қаржы нарығының тұрақтылығын қамтамасыз ету</b>						
<b>1-мақсат. Қаржы ұйымдарының қаржылық орнықтылығы деңгейін арттыру, банк секторындағы стрестік активтер көлемін азайту</b>						
1	<b>Саланың дамуын сипаттайтын 1-макроиндикатор.</b>  Банктердің несие портфеліндегі негізгі борыш және/немесе сыйақы бойынша төлем мерзімі 90 күннен асқан қарыздардың үлесі	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – ҚРҰБ) ресми интернет-ресурсында орналастырылған статистикалық деректер <a href="https://www.nationalbank.kz/ru/news/svedeniya-o-sobstvennom-kapitale/rubrics/1706">https://www.nationalbank.kz/ru/news/svedeniya-o-sobstvennom-kapitale/rubrics/1706</a>	%	7-ден аспайды	3,3	Орындалды

2	<p><b>Саланың дамуын сипаттайтын 2-макроиндикатор.</b></p> <p>Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қаржылық орнықтылығының біріктірілген индексі (көрсеткіштің төмендеуі орнықтылықтың артқанын көрсетеді)</p>	<p>ҚРҰБ Басқармасының мына қаулыларына сәйкес сақтандыру ұйымдары ұсынатын есептілік:</p> <p>1) 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 41<sup>1</sup></p> <p>2) 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 304<sup>2</sup></p> <p>3) 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 275<sup>3</sup></p> <p>Деректер ҚРҰБ ақпараттық жүйелері арқылы алынады.</p>	коэффициент	1,60	1,47	Орындалды
3	<p><b>Саланың дамуын сипаттайтын 3-макроиндикатор.</b></p> <p>Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың қаржылық орнықтылығының біріктірілген индексі</p>	<p>ҚРҰБ Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 211<sup>4</sup> қаулысына сәйкес саудасаттықты ұйымдастырушы ұсынатын есептілік</p>	коэффициент	1,9	1,6	Орындалды

<sup>1</sup> «Қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 41 қаулысы

<sup>2</sup> «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемелерін, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының немесе сақтандыру холдингтерінің еншілес ұйымдары сатып алатын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарды, сақтандыру холдингтері сатып алатын халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының тізбесін, сақтандыру холдингтері сатып алатын облигациялар үшін талап етілетін ең төмен рейтингті және рейтингтік агенттіктердің тізбесін, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып алатын қаржы құралдарының (акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 304 қаулысы

<sup>3</sup> «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен сақтандыру брокері есептілігінің тізбесін, нысандарын, табыс ету мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 275 қаулысы.

<sup>4</sup> «Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыратын лицензиаттар, бірыңғай оператор есептілігінің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 211 қаулысы.

	(көрсеткіштің төмендеуі орнықтылықтың артқанын көрсетеді)					
<b>2-стратегиялық бағыт. Экономиканы қаржыландыру үшін қаржы секторының тиімділігін арттыру</b>						
<b>2-мақсат. Экономиканы кредиттеуді арттыру, сақтандыру және қор нарықтарының әлеуетін дамыту</b>						
4	<b>Саланың дамуын сипаттайтын 4-макроиндикатор.</b>  Несие портфелінің 2019 жылғы несие портфелінің көрсеткішіне қарағанда өсуі	ҚРҰБ ресми интернет-ресурсында орналастырылған статистикалық деректер <a href="https://nationalbank.kz/ru/news/svedeniya-ssudnogo-portfelya">https://nationalbank.kz/ru/news/svedeniya-ssudnogo-portfelya</a>	%	15 - 20	37,0	Орындалды
5	<b>Саланың дамуын сипаттайтын 5-макроиндикатор.</b>  Экономиканы кредиттеудің өсуі	ҚРҰБ ресми интернет-ресурсында орналастырылған статистикалық деректер <a href="https://nationalbank.kz/ru/loans/kredity-bankov">https://nationalbank.kz/ru/loans/kredity-bankov</a>	алдыңғы жылмен салыстырғанда %	10,5	26,5	Орындалды
6	<b>Саланың дамуын сипаттайтын 6-макроиндикатор.</b>  Сақтандыру ұйымдары активтерінің ІЖӨ-ге үлесі	ҚРҰБ Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 41 қаулысына сәйкес сақтандыру ұйымдары ұсынатын есептілік. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректері.	%	2,20	2,35	Орындалды
7	<b>Саланың дамуын сипаттайтын 7-макроиндикатор.</b>  Бағалы қағаздар нарығын	ҚРҰБ Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 211 қаулысына сәйкес саудаттықты ұйымдастырушы ұсынатын есептілік	алдыңғы жылмен салыстырғанда %	28,0	30,9	Орындалды

	капиталдандырудың өсуі					
<b>3-стратегиялық бағыт. Микроқаржыландыру жүйесін дамыту</b>						
<b>3-мақсат. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдарды реттеуді жетілдіру, олардың жауапкершілігін күшейту және халықтың шамадан тыс кредиттелуіне байланысты жүйелік тәуекелдерді шектеу</b>						
8	<b>Саланың дамуын сипаттайтын 8-макроиндикатор.</b>  Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың несие портфелінің өсуі	ҚРҰБ Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 222 <sup>5</sup> қаулысына сәйкес микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар ұсынатын есептілік	алдыңғы жылмен салыстырғанда %	23	33*	Орындалды
<b>4-стратегиялық бағыт. Қаржы нарығында жаңа технологияларды қолдану, қаржылық көрсетілетін қызметтерді цифрландыру</b>						
<b>4-мақсат. Қаржы ұйымдарының ашықтығын арттыру, тұтынушыларға арналған цифрлық қаржы өнімдері мен қызметтердің тізбесін кеңейту</b>						
9	<b>Саланың дамуын сипаттайтын 9-макроиндикатор.</b>  Қаржы өнімдері және сервистер үшін Open API пайдаланатын екінші деңгейдегі банктердің үлесі	Екінші деңгейдегі банктерге пікіртерім жүргізу қорытындысы	%	25	27	Орындалды
<b>5-стратегиялық бағыт. Қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын жүйелі қорғау үшін халықтың қаржылық сауаттылықты арттыру</b>						
<b>5-мақсат. Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру</b>						

<sup>5</sup> «Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның есептілік тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 222 қаулысы.

\* 01.01.2022ж. жағдай бойынша алдын ала деректер бойынша

10	<b>Саланың дамуын сипаттайтын 10-макроиндикатор.</b>  Қаржылық сауаттылық индексі	Халыққа пікіртерім жүргізу қорытындысы	%	39,5	39,52	Орындалды
----	---	--	---	------	-------	-----------

## 2. Қаржы қаражатын игеру

Қаржыландыру көзі	Жоспар, миллион теңге	Нақты, миллион теңге	Пайдаланбау себептері (мың теңге)
1	2	3	4
Үкіметтік сыртқы қарыздар немесе байланысты гранттар бойынша бірлесіп қаржыландыру қаражатын қоспағанда, республикалық бюджет қаражаты есебінен. 001 бағдарлама Қаржы нарығын реттеу мен дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, оның ішінде:	8 728,3	8 722,3	
001 бағдарлама 100 кіші бағдарлама бойынша	347,6	347,5	<b>99,9% орындалды. Орындалмау сомасы 131,1 мың теңгені құрайды, оның ішінде:</b> 1. «Агенттіктің ақпараттық материалдарын Қазақстан Республикасының БАҚ-да жариялауды (орналастыруды)» сатып алу бойынша төлем іс жүзінде көрсетілген қызметтер көлемі үшін жүргізілді, қалдық <b>67,2</b> мың теңге мөлшерінде; 2.«Ұйымдастыру және компьютерлік техниканы жөндеу қызметтерін» сатып алу бойынша төлем нақты көрсетілген

			<p>қызметтер көлемі үшін жүргізілді, қалдық <b>10,4</b> мың теңге мөлшерінде;</p> <p>3. «Құжаттарды тігуге арналған бұралған полипропилен шпагатын», «Құжаттарды тігуге арналған кеңсе бізін», «Құжаттарды тігуге арналған инені» сатып алу бойынша өткізілген сатып алулардан үнемдеу есебінен жоспарланған. Тауарларды жеткізу мерзімі 06.12.2021ж. Өнім беруші тарапынан <b>18,6</b> мың теңге мөлшерінде міндеттемелердің орындалмауына байланысты 31.12.2021ж. жағдай бойынша сот талқылаулары жүргізілді. Бұл сатып алулар 2021 жылы мемлекеттік сатып алулар бойынша үнемдеу есебінен жоспарланды.</p> <p>4. Техникалық персоналға еңбекақы төлеу қоры бойынша <b>34,0</b> мың теңге мөлшерінде үнемдеу;</p> <p>5. Мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша <b>0,1</b> мың теңге мөлшерінде, іссапар шығыстары бойынша <b>0,2</b> мың теңге мөлшерінде және дөңгелектеу есебінен <b>0,6</b> мың теңге мөлшеріндегі қалдық бойынша үнемдеу.</p>
<b>001 бағдарлама 103 кіші бағдарлама бойынша</b>	2,57	2,57	<b>Орындалу 2 570 мың теңгені немесе 100%-ды құрайды</b>
<b>001 бағдарлама 104 кіші бағдарлама бойынша</b>	367,3	363,9	<p><b>99,1% орындалды. Орындалмау сомасы 3 476,4 мың теңгені құрайды, оның ішінде:</b></p> <p>1. «Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» РМҚ Куәландыру орталығының тіркеу куәліктерін дайындау және қызмет көрсету бойынша қызметтерді сатып алу бойынша төлем нақты көрсетілген қызметтер көлемі үшін жүргізілді, қалдық <b>73,7</b> мың теңге мөлшерінде;</p> <p>2. «Банктік қызмет» автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйесіне қызмет көрсету бойынша қызметтерді сатып алу бойынша шарт біржақты тәртіппен 31.12.2021ж. бұзылды. Төлем нақты көрсетілген қызмет көлемі үшін жүргізілді, қалдық <b>872,5</b> мың теңге мөлшерінде;</p>

			<p>3. Bloomberg Professional сервистік ақпарат беру бойынша қызметтерді сатып алу бойынша төлем нақты көрсетілген қызметтер көлемі үшін жүргізілді, қалдық <b>2 231,8</b> мың теңге мөлшерінде.</p> <p>4. Қорғалған ақпаратты тасымалдау жүйесін ұсыну бойынша қызметтерді сатып алу бойынша төлем нақты көрсетілген қызметтер көлемі үшін жүргізілді, қалдық <b>42,9</b> мың теңге мөлшерінде;</p> <p>5. «Электрондық құжат айналымы» автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне («ЭҚА» ААЖ) қызмет көрсету бойынша қызметтерді сатып алу бойынша шарт орындалды, <b>255,5</b> мың теңге мөлшеріндегі сома бағамдық айырма есебінен қалыптасты. Өнім беруші бейрезидент болып табылады.</p>
<b>001 бағдарлама 123 кіші бағдарлама бойынша</b>	8010,8	8008,4	<p><b>99,9% орындалды. Орындалмау сомасы 2 365,8 мың теңгені құрайды, оның ішінде:</b></p> <p>1. Телефон байланысы қызметтерін сатып алу бойынша төлем нақты көрсетілген қызметтер көлемі үшін жүргізілді, қалдық <b>343,9</b> мың теңге мөлшерінде;</p> <p>2. Кабельдік теледидар қызметтерін сатып алу бойынша төлем нақты көрсетілген қызметтер көлемі үшін жүргізілді, қалдық <b>38,8</b> мың теңге мөлшерінде;</p> <p>3. СМС-орталықтың қызметтерін сатып алу бойынша төлем нақты көрсетілген қызметтер көлемі үшін жүргізілді, қалдық <b>25,8</b> мың теңге мөлшерінде;</p> <p>4. Көлік қызметтерін сатып алу бойынша төлем нақты көрсетілген қызметтер көлемі үшін жүргізілді, қалдық <b>451,8</b> мың теңге мөлшерінде;</p> <p>5. Қостанай қ. жалға алынған ғимаратқа және іргелес аумаққа қызмет көрсетуді сатып алу бойынша төлем нақты көрсетілген қызмет көлемі үшін жүргізілді, қалдық <b>25,8</b> мың теңге мөлшерінде;</p> <p>6. Үй-жайларды жалға алуды сатып алу бойынша төлем нақты көрсетілген қызметтер көлемі үшін жүргізілді, қалдық <b>911,0</b> мың теңге мөлшерінде;</p>

			<p>7. Арнайы пошта байланысы қызметтерін сатып алу бойынша төлем нақты көрсетілген қызметтер көлемі үшін жүргізілді, қалдық <b>26,7</b> мың теңге мөлшерінде;</p> <p>8. Жеделдетілген/курьерлік пошта байланысы бойынша қызметтерді сатып алу бойынша: өнім беруші тарапынан міндеттемелердің орындалмауына байланысты шарт бұзылды, қалдық <b>532,2</b> мың теңге. 31.12.2021ж. жағдай бойынша сот талқылаулары жүргізілді;</p> <p>9. Мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша үнемдеу, қалдық <b>0,3</b> мың теңге мөлшерінде;</p> <p>10. Негізгі персоналға еңбекақы төлеу қоры бойынша үнемдеу, қалдық <b>9,5</b> мың теңге мөлшерінде.</p>
<b>Жиынтығы:</b>	<b>8 728,3</b>	<b>8 722,3</b>	



### **3. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің 2020-2024 жылдарға арналған даму жоспарының іске асырылуы туралы есепке талдамалық жазба**

Есеп кезеңі: 2021 жыл

2021 жылы № 99<sup>6</sup> қаулыны орындау мақсатында Агенттік, Агенттіктің 2020-2024 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын Агенттіктің 2020-2024 жылдарға арналған даму жоспарына қайта қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізді.

Агенттіктің 2020-2024 жылдарға арналған даму жоспарындағы стратегиялық бағыттар, мақсаттар мен нысаналы индикаторлар Агенттіктің бұрын қабылдаған шешімдеріндегі сабақтастықтың сақталуы, жоғары тұрған деңгейдегі Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің тиісті құжаттарының (Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы, Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдама, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары және т. б.), «Nur Otan» партиясының «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» атты сайлауалды бағдарламасын орындау жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған Жол картасының ережелері ескеріле отырып айқындалды.

Агенттіктің 2020-2024 жылдарға арналған даму жоспары Ұлттық экономика министрлігімен және Қаржы министрлігімен келісім бойынша «Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының 2020 жылғы 28 ақпандағы №148 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Агенттік Төрағасының 2021 жылғы 30 қыркүйектегі №294 бұйрығымен (бұдан әрі – Агенттіктің даму жоспары) бекітілді.

2021 жылы Агенттіктің даму жоспарына 2021 жылға арналған республикалық бюджетті түзетуге және 2022-2024 жылдарға арналған бюджетті бекітуге байланысты Агенттік Төрағасының 15.12.2021 ж. №383<sup>7</sup>, №384<sup>8</sup> және 22.12.2021 ж. №397<sup>9</sup> бұйрықтарымен өзгерістер енгізілді.

Агенттіктің даму жоспарында қаржы нарығының дамуын сипаттайтын мынадай бағыттар бойынша 10 макроиндикаторды орындау көзделген:

---

<sup>6</sup> «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 99 қаулысы

<sup>7</sup> «2021 жылға арналған республикалық бюджеттің көрсеткіштерін түзету және «2021 – 2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 10 желтоқсандағы № 840 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 10 қарашадағы № 807 қаулысына сәйкес

<sup>8</sup> «2021 жылға арналған республикалық бюджеттің көрсеткіштерін түзету және «2021 – 2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 10 желтоқсандағы № 840 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 9 желтоқсандағы № 873 қаулысына сәйкес

<sup>9</sup> «2022 – 2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 9 желтоқсандағы № 872 қаулысына сәйкес

1. «Қаржы нарығының тұрақтылығын қамтамасыз ету» стратегиялық бағыты бойынша 3 макроиндикатор.

2. «Экономиканы қаржыландыруда қаржы секторының тиімділігін арттыру» стратегиялық бағыты бойынша 4 макроиндикатор.

3. «Микроқаржыландыру жүйесін дамыту» стратегиялық бағыты бойынша 1 макроиндикатор.

4. «Қаржы нарығында жаңа технологияларды қолдану, қаржы қызметтерін цифрландыру» стратегиялық бағыты бойынша 1 макроиндикатор.

5. «Қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын жүйелі қорғауды қамтамасыз ету үшін халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру» стратегиялық бағыты бойынша 1 макроиндикатор.

### **1-стратегиялық бағыт**

#### **Қаржы нарығының тұрақтылығын қамтамасыз ету**

**1-мақсат. Қаржы ұйымдарының қаржылық тұрақтылығы деңгейін арттыру**

***1-макроиндикатор: Банктердің қарыз портфеліндегі негізгі борыш және/немесе сыйақы бойынша 90 күннен астам мерзімі өткен қарыздардың үлесі - 7%- дан аспайды (01.01.2022ж. жағдай бойынша – 3,3%)***

Макроиндикаторға қол жеткізу мақсатында Агенттік мынадай іс-шаралар өткізді:

1. 2021 жылы кең ауқымды Asset Quality Review (бұдан әрі - AQR) қорытындылары бойынша банктер кредиттік тәуекелдерді қабылдауға, бағалауға және мониторингтеуге қатысты банктердің негізгі бизнес-процестерін елеулі түрде трансформациялауға мүмкіндік беретін әрбір банкке шаққанда орта есеппен 2,5 мыңға дейін іс-шараны қамтитын түзету іс-шараларының қадағалау жоспарларын іске асыруды жалғастырды.

2021 жылдың қорытындысы бойынша жоспарланған 9 234 түзету іс-шараларын 100%-ға орындау жүзеге асырылды. Жалпы алғанда, бүгінгі күні банктер түзету шараларының жоспарларында қамтылған іс-шаралардың жалпы санының 59% - ын іске асырды.

2. Банктерді стрестік активтерді қысқартуға ынталандыру үшін жекелеген банктер стрестік активтерді 2026 жылға дейін 0,9 трлн теңгеге дейін кезең-кезеңмен қысқарту бойынша жеке жоспарлар жасады.

Есепті қалыптастыру күніне банктер іс жүзінде 760 млрд теңге сомаға іс-шаралар жүргізді, 2021 жылдың бірінші жартыжылдығына жоспарланған көлем іс жүзінде 3 есе асыра орындалды, оның ішінде жекелеген іс-шаралар бөлінісінде:

- 1) қарыздарды есептен шығару және кешіру;
- 2) банктердің және стрестік активтерді басқару ұйымының (бұдан әрі – САБҰ) балансынан кепілдер мен мүлікті, оның ішінде коммерциялық

жылжымайтын мүлік, тұрғын жылжымайтын мүлік, жер учаскелері түріндегі банктердің мүлкін өткізу;

3) олар бойынша талап ету құқықтарын үшінші тұлғаларға сатуды қоса алғанда, қарыздарды өтеу;

4) қарыздардың сапасын жақсарту жөніндегі өзге де іс-шаралар (қарыздарды қайта қаржыландыруды/қайта құрылымдауды қоса алғанда).

Осылайша, есепті қалыптастыру күніне көрсетілген Іс-шаралар жоспарларын іске асыру барысында жұмыс істемейтін активтердің сомасы 2,7 трлн теңгеден 1,9 трлн теңгеге дейін, яғни 32% - ға немесе 901 млрд теңгеге қысқарды.

Бұған қосымша, стрестік активтердің банктер мен САБҰ-ның баланстарында болуын 5 жылға дейін шектеуді және проблемалық қарыздарды басқару және есептен шығару, оның ішінде шетелдік капиталмен бірлескен кәсіпорындар құру арқылы САБҰ-ның өкілеттіктерін кеңейтуді қамтитын стрестік активтерді басқару бойынша реттеушілік талаптар күшейтілді.

3. 2017 жылғы қазаннан бастап Ұлттық Банк, кейіннен Агенттік, Банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) іске асыруда, оның негізгі мақсаты банктерді акционерлермен ортақ капиталдандыру, проблемалық қарыздар бойынша қалыптастырылған провизиялардың барабар деңгейіне қол жеткізу және оларды кейіннен банктердің баланстарынан есептен шығару, сондай-ақ активтер сапасын жақсарту есебінен банк секторының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады.

Бағдарлама қолданысқа енгізілгеннен бастап банктер өз баланстарынан жалпы сомасы 1 423 млрд теңге проблемалық қарыздарды есептен шығарды.

Несие портфельдерінің сапасын жақсарту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар Бағдарлама шеңберінде қаржыландырылған банктерге экономиканы жаңа кредиттеу көлемін арттыруына мүмкіндік берді.

2017 – 2022 жылдар аралығындағы кезеңде қатысушы банктердің кредиттеу көлемі 5 099 млрд теңге болды.

4. Банктердің баланстарын жұмыс істемейтін активтерден «тазарту» жөніндегі шаралар шеңберінде 2021 жылғы ақпан мен маусымда «АзияКредит Банк» АҚ-тан және «Capital Bank Kazakhstan» АҚ-тан лицензиялар кері қайтарылып алынды. Нәтижесінде 51 млрд теңгеден астам сомаға банктердің жұмыс істемейтін қарыздарын банк жүйесінен шығару жүзеге асырылды.

5. Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 сәуірдегі тапсырмасына сәйкес зардап шеккен секторлардағы ШОБ субъектілерінің борыш жүктемесін азайту және қарыздар бойынша мерзімі өткен берешектің пайда болу жағдайларын болдырмау мақсатында банктер мен микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың (бұдан әрі – МҚҰ) 2021 жылғы 1 сәуірге дейін ШОБ субъектілеріне, оның ішінде ДК берілген кредиттер бойынша төлемдерді 2021 жылғы 1 сәуір – 30 маусым аралығындағы кезеңге кейінге қалдыру тәртібін

белгілейтін Агенттік Төрағасының № 127 бұйрығы<sup>10</sup> қабылданды. Бұл ретте кейінге қалдыру кезеңінде қарыз алушыға қатысты шағым-талап жұмысы, мерзімі өткен берешекті өтеу қажеттігі туралы хабарлама беру, сондай-ақ кредитордың комиссиялар мен өзге де төлемдерді алуы тоқтатылды.

2021 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша банктер 553 ШОБ субъектісіне 9,7 млрд теңге сомаға төлем мерзімін кейінге қалдыруды ұсынды. МҚҰ ШОБ-тың 95 субъектісіне 105,8 млн теңге сомаға төлем мерзімін кейінге қалдыруды ұсыныды.

Агенттік іске асырған шаралар кешенді түрде «Банктердің несие портфелінде негізгі борыш және/немесе сыйақы бойынша төлем мерзімі 90 күннен астам мерзімге кешіктірілген қарыздардың үлесі» макроиндикаторының мәнін есепті жылға арналған жоспарлы мәні 7%-дан аспайтын мөлшерде 3,3% деңгейіне дейін төмендетуге ықпал етті.

***2-макроиндикатор: Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қаржылық тұрақтылығының біріктірілген индексі – 1,60 (2021 жылы – 1,47)***

Макроиндикатор тәуекелдің 6 санатын (капитал, активтер, резервтер және қайта сақтандыру, менеджмент, кірістілік және өтімділік) бағалауға негізделеді.

Макроиндикатор көрсеткіштерін жақсартуға есепті кезеңде іске асырылған және өмірді жинақтаушы сақтандырудың халық арасында танымдылығын арттыруға бағытталған 2020 жылғы бастамалар әсер етті:

1. 2021 жылдың басынан бастап ҚР №399-VI Заңына<sup>11</sup> сәйкес зейнетақы аннуитетінің құны 40%-ға (55 жастағы ерлер үшін 11-ден 7 млн теңгеге дейін, 52 жастағы әйелдер үшін 16-дан 9 млн теңгеге дейін) төмендеді, бұл Қазақстан халқы үшін зейнетақы аннуитетінің қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік берді.

2. ҚР №399-VI Заңына сәйкес жинақталған зейнетақы қаражаты жеткілікті болған жағдайда 45 жастан бастап зейнетақы аннуитеті шартын жасасуға және 55 жастан бастап өмір бойы зейнетақы төлемдерін алуға мүмкіндік беретін кейінге қалдырылған зейнетақы аннуитеті енгізілді. Бұл өнім болашақ зейнеткерлерге ұзақ мерзімді зейнетақыны жоспарлауға қатысуға мүмкіндік береді, олардың қаржылық сауаттылығын және зейнетақыны жинақтаудың соңғы нәтижесіне қызығушылығын арттырады.

3. Өмірді сақтандырудың ұзақ мерзімді жинақтаушы шарттары бойынша салық жеңілдіктері енгізілді, бұл осы өнімнің Қазақстан азаматтары үшін танымдылығын арттырады.

4. Өмірді сақтандырудың unit-linked инвестициялық өнімі бойынша халықтың инвестициялық мүмкіндіктерін ұлғайту шеңберінде инвестициялау

<sup>10</sup> «Шағын және орта бизнес субъектілерінің қарыздары бойынша төлемдерді кейінге қалдыру тәртібін бекіту туралы» Агенттік Төрағасының 2021 жылғы 9 сәуірдегі № 127 бұйрығы

<sup>11</sup> «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 399-VI Қазақстан Республикасының Заңы

үшін қаржы құралдарының спектрі кеңейтілді және сақтанушылар активтерінің сақталуына қойылатын талаптар артты.

Осы бастамаларды іске асыру нәтижесінде 2021 жылдың қорытындылары бойынша зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары өткен жылмен салыстырғанда 31%-ға немесе 14,4 млрд теңгеге ұлғайды және 60,7 млрд теңге болды. Өмірді сақтандыру сыныбы бойынша сақтандыру сыйлықақылары өткен жылмен салыстырғанда 79%-ға ұлғайып, 165 млрд теңге болды.

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, 2021 жылдың қорытындылары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі өткен жылмен салыстырғанда 36,7%-ға немесе 187,4 млрд теңгеге ұлғайды және 699 млрд теңге болды.

Тиісінше, сақтандыру сыйлықақыларының өсуі сақтандыру ұйымдарының міндеттемелері мен сақтандыру резервтерінің өсуімен қатар жүреді, олар 2021 жылы тиісінше 266 млрд теңгеге немесе 32%-ға және 206 млрд теңгеге немесе 30%-ға ұлғайды.

Бұдан басқа, 2021 жылдың қорытындысы бойынша сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталы 741,5 млрд теңге болды, бір жыл ішіндегі ұлғаю 76,0 млрд теңге немесе 11,4% болды.

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда «Қаржылық сенімділік рейтингі бар эмитенттер облигацияларының үлесі активтердегі Қазақстан Республикасының егемен рейтингі деңгейінен төмен» және «Барлық сақтандыру дебиторлық берешегіндегі мерзімі өткен сақтандыру дебиторлық берешегінің үлесі» көрсеткіштері бойынша төмендеу байқалады, бұл өз кезегінде «Активтер» тәуекел санатын бағалау, сондай-ақ «Сақтандыру резервтерінің мөлшері, таза сақтандыру резервтерінің таза сақтандыру сыйлықақыларына қатынасы» көрсеткішінің ұлғаюы және «Резервтер және қайта сақтандыру» тәуекел санатын бағалауға оң әсер еткен «Резервтердің капиталға тапшылығы» көрсеткішінің төмендеуі.

5. 2021 жылы сақтандыру ұйымдары бойынша SRES (Supervisory Risk Evaluation System) ішкі қадағалау құралының базасында бағалау жүргізілді және қадағалап назарға алу деңгейі анықталды.

Сақтандыру ұйымдары 2021 жылы алғаш рет жылдық қаржылық есептілік негізінде Insurance Regulatory Information System (IRIS) тәуекелдерін дербес бағалауды жүргізді. Осы құралды қолдана отырып, тәуекелдерді бағалау нәтижесінде сақтандыру ұйымдары өз қызметіндегі тәуекелдерді дербес анықтады, қаржылық жағдайды жақсарту және менеджменттің де, меншік иелерінің де хабардар болу және олардың қызметінің нәтижелері бойынша жауапкершілік деңгейін арттыру бойынша уақтылы шаралар қабылдады.

6. Бұдан басқа, 2021 жылы сақтандыру қызметтерін цифрландыру бойынша жұмыс жалғастырылды, бұл да сақтандыру нарығы бойынша көрсеткіштердің өсуіне ықпал етті. Қазіргі уақытта сақтандырудың барлық

міндетті түрлері электрондық форматқа ауыстырылды, көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарының 100% онлайн жасалады.

Жоғарыда көрсетілген шаралар жиынтығында «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қаржылық тұрақтылығының біріктірілген индексі» макроиндикаторын 1,60 нысаналы мәні белгіленген кезде 1,47 деңгейіне дейін төмендетуге ықпал етті, бұл сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қаржылық тұрақтылығының артқанын көрсетеді.

***3-макроиндикатор: Бағалы қағаздар нарығы кәсіби қатысушыларының қаржылық орнықтылығының біріктірілген индексі – 1,9 (2021 жылы – 1,6)***

1. 2021 жылы Агенттік RASS (Risk Assessment Supervision System) моделіне сәйкес кәсіби қатысушылардың тәуекелдерін кешенді бағалауды жүргізді, оның қорытындылары бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларын кейіннен оларға қатысты қадағалау режимінің тиісті тәуекел деңгейін айқындау үшін тәуекел дәрежесі бойынша ранжирлеуге, сондай-ақ қаржы ұйымдары басшылығының назарын талап ететін БҚНҚ қызметіндегі проблемалық аспектілерді айқындауға мүмкіндік берді. 2021 жыл ішінде Агенттік 4 БҚНҚ-ға қатысты инспекциялық тексеру, БҚНҚ-ның тәуекелдерін кешенді бағалау қорытындыларын талқылау бойынша БҚНҚ-мен 10-ға жуық кездесу өткізді.

2. Есепті кезеңде БҚНҚ стресс-тестілеу өткізді, оның шеңберінде БҚНҚ портфельдеріне кіретін 500-ден астам бағалы қағаздарды бағалау жүзеге асырылды. БҚНҚ портфельдерінің VAR шамамен 6% құрады, бұл нарықтық тәуекелдерге ұшыраудың қолайлы деңгейін көрсетеді.

3. Агенттік мерзімді негізде БҚНҚ-ның қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторларды талдау арқылы БҚНҚ-ның қаржылық орнықтылығына талдау және мониторингтеу жүргізді. Агенттіктің қорытындысы бойынша инвестициялық портфельді басқарушының меншікті капиталының жеткіліктілік коэффициенті мен өтімді активтерінің төмендеуіне байланысты ерте ден қою шараларын көздейтін 5 іс-шара жоспарын мақұлдады.

4. Теріс пиғылды практиканың жолын кесу шеңберінде 2021 жыл ішінде бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелерді айлашарғы жасау мақсатында жасалған деп тану мәселелерін қарау бойынша Сараптама комитетінің 6 отырысы өтті, онда бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер бойынша 25 мәселе қаралды.

«Бағалы қағаздар нарығы кәсіби қатысушыларының қаржылық орнықтылығының біріктірілген индексі» макроиндикаторы БҚНҚ қаржылық орнықтылық дәрежесін сипаттайтын 10 сандық көрсеткішті бағалау негізінде есептеледі (жиынтық активтерде пайда әкелетін активтердің үлесі, жиынтық активтердегі бағалы қағаздардың үлесі, бағалы қағаздар портфеліндегі акциялар мен депозитарлық қолхаттардың үлесі, бағалы қағаздар портфеліндегі ірі эмитенттердің бағалы қағаздарының үлесі (10% және одан

астам), бағалы қағаздар портфеліндегі үлестес компаниялардың бағалы қағаздарының үлесі, бағалы қағаздар портфеліндегі сатып алу құны баланстық құнынан жоғары болатын бағалы қағаздар үлесі, ROA, ROE, жиынтық міндеттемелердің жиынтық активтерге арақатынасы).

Бағалы қағаздар нарығы кәсіби қатысушыларының қаржылық орнықтылығының біріктірілген индексі көрсеткішінің 1,6 мәнінің жақсаруы негізінен кәсіби қатысушылардың меншікті активтерінің 23%-ға немесе негізгі бөлігі бағалы қағаздарға инвестицияланған 505,1 млрд теңгеге дейін ұлғаюымен байланысты, бұл да «жиынтық активтерде пайда әкелетін активтердің үлесі» және «жиынтық активтердегі бағалы қағаздардың үлесі» көрсеткіштері үшін оң әсер етеді.

2021 жылдың қорытындысы бойынша меншікті капитал көрсеткіштерінің 35%-ға 399,1 млрд теңгеге дейін ұлғаюы байқалады, бұл жекелеген қатысушылардың қосымша капиталдандыруын жүзеге асыруына және олардың таза пайдасының өсуіне байланысты, бұл да бағалы қағаздар нарығы (ROA, ROE) қатысушыларының табыстылығымен байланысты көрсеткіштерге оң әсерін тигізді.

Бұдан басқа, табыстылыққа байланысты көрсеткіштерге 2021 жылдың екінші жартысында кәсіби қатысушылар үшін табыс әкелетін активтер үлесінің ұлғаюы байқалатын кәсіби қатысушылар активтерінің құрылымын жақсарту жағымды әсер етеді.

Агенттіктің брокерлік қызметтер көрсету тәртібін оңайлатуға, брокерлік қызметтер көрсетудің цифрлық арналарын дамытуға бағытталған іс-шаралары (мысалы, «омнибус шотты» енгізу, шарттарды қашықтан жасасу) бөлшек инвесторлар санының өсу серпініне (62,4%) жағымды әсер етті, бұл да кәсіби қатысушылардың табыстылық көрсеткіштеріне әсер етті.

Осылайша 2021 жылдың қорытындысы бойынша «Бағалы қағаздар нарығы кәсіби қатысушыларының қаржылық орнықтылығының біріктірілген индексі» макроиндикаторының мәні 1,9 нысаналы мәні белгіленген кезде 1,6-ны құрады, бұл БҚНҚҚ-ның қаржылық орнықтылығының нығаюын айғақтайды.

## **2-стратегиялық бағыт.**

### **Экономиканы қаржыландыруда қаржы секторының тиімділігін арттыру**

**2-мақсат.** Экономиканы кредиттеуді арттыру, сақтандыру және қор нарықтарының әлеуетін дамыту

***4-макроиндикатор: несие портфелінің 2019 жылғы несие портфелінің көрсеткішіне қарағанда өсімі – 15%-дан 20%-ға дейін (2021 жылы – 37,0%)***

Макроиндикатор ҚР 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарының стратегиялық көрсеткіштері картасында<sup>12</sup> көзделген. Осыған байланысты Агенттік 2021 жыл ішінде бизнес үшін кредиттердің қолжетімділігін қамтамасыз ету және банктік кредиттеуді кеңейту бойынша міндеттерді орындау және бақылау үшін осы көрсеткішке мониторингтеу жүргізді.

Кредиттердің қолжетімділігін қамтамасыз етуге және банктік кредиттеуді кеңейтуге бағытталған Агенттіктің есепті кезеңде қабылдаған шаралары бойынша толық ақпарат «Экономиканы кредиттеудің өсуі» 5-макроиндикаторы бойынша ақпаратта ұсынылған.

Қабылданған шаралар кешені карантиндік шектеулердің әлсіреуі аясында жалпы экономикалық ахуалдың жақсаруы жағдайында кредиттік белсенділікті қалпына келтірумен қатар, банктердің несие портфелінің өсуіне ықпал етті. Несие қоржынының өсімі 2021 жылы 2019 жылдың көрсеткішіне қарағанда 37,0%-ды құрады.

**5-макроиндикатор: Экономиканы кредиттеудің өсімі – 10,5% (2021 жылы – 26,5%)**

Макроиндикаторға қол жеткізу мақсатында Агенттік мынадай іс-шаралар өткізді:

1. Пандемияның банктердің қызметіне теріс әсерін төмендету, микро, шағын және орта бизнес субъектілерінің қарыздарын қайта құрылымдауды ынталандыру үшін жалғасып жатқан карантиндік шектеу шараларына байланысты Агенттік экономиканы кредиттеуді қолдау үшін 2021 жылғы 4 айдың қорытындысы бойынша Агенттік № 68 қаулы<sup>13</sup> қабылдады, оған сәйкес 2021 жылдың соңына дейін мынадай уақытша пруденциалдық шараларды ұзарту көзделген:

ШОБ субъектілеріне берілген қарыздар мен кепілдіктер, синдикатталған қарыздар бойынша (75%-дан 50%-ға дейін) меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенттерін есептеу кезінде тәуекел өлшемі коэффициенттерінің төмендетілген мәндері сақталды, бұл банктерге кредит беру үшін 43,9 млрд теңгеге дейінгі мөлшерде капиталды босатуға мүмкіндік береді;

- синдикатталған кредит беру шарттарын және «take or pay» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын тұрақты (өтімділігі жоғары) кепіл ретінде тану мүмкіндігі сақталды, бұл кепіл қамтамасыз етудің басқа түрлері жоқ кәсіпкерлік субъектілері үшін банктік қарыздардың қолжетімділігін қамтамасыз етеді;

- таза тұрақты қорландырудың пруденциалдық нормативін (NSFR) қатаңдату мерзімі ауыстырылды, бұл банктердің кредиттік операцияларын қорландыру көздерін кеңейтеді және NSFR нормативін есептеу кезінде заңды

<sup>12</sup> «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» Президенттің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 521 Жарлығы

<sup>13</sup> «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 28 мамырдағы № 68 қаулысы



тұлғалардың 2,3 трлн теңге көлеміндегі салымдарын тұрақты қорландыру сомасына қосуға мүмкін береді;

- қарыз алушының қаржылық жай-күйі уақытша нашарлаған жағдайда төлемдері кейінге қалдырылған қарыздар бойынша қосымша провизиялар қалыптастырмау құқығы берілді, бұл банктерді бизнес субъектілері үшін кредиттерді қайта құрылымдауға ынталандыратын болады.

Тұрақты шара ретінде квазимемлекеттік холдингтердің («Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ) кепілдіктері бір қарыз алушыға меншікті капитал жеткіліктілігі мен тәуекел коэффициенттерін есептеу мақсаттары үшін өтімді қамтамасыз ету деп танылды.

2. Микро, шағын және орта бизнес субъектілерін қолдау үшін Үкімет, Ұлттық Банк және Агенттік бизнес үшін кредиттердің қолжетімділігін қамтамасыз ету шараларын іске асыруда.

1) Ұлттық Банк Агенттікпен бірлесіп, ШОБ субъектілерін айналым қаражатын толықтыруға 8% мөлшерлеменен қаржыландыруды көздейтін жеңілдікпен кредиттеу<sup>14</sup> бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) іске асырды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Бағдарлама 2021 жылдың соңына дейін ұзартылды, ірі кәсіпкерлік субъектілері енгізілді, Бағдарлама көлемі 800 млрд теңгеге дейін ұлғайтылды.

Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының (бұдан әрі – ҚҚҚ) деректеріне сәйкес, Бағдарлама шеңберінде 2021 жылғы 31 желтоқсанға 1,1 трлн теңгеге 11,8 мың қарыз берілді, оның ішінде бөлінген қаражатты револьверлік пайдалану есебінен (2021 жылы 595,2 млрд теңге сомасына 6,6 мың қарыз берілді).

2) Өңдеуші өнеркәсіпте және агроөнеркәсіптік кешенде қызметін жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау мақсатында қарыз алушыларға 6% мөлшерлеменен қаржыландыруды ұсынуды көздейтін, қаржыландыру көлемі 1 трлн теңге болатын «Қарапайым заттар экономикасы» Бағдарламасын іске асыру жалғасуда. ҚҚҚ ақпараты бойынша, 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ЕДБ 1 203 өтінім бойынша 910,3 млрд теңге берген.

3) «Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасын қаржыландыру айтарлықтай кеңейтілді. Бағдарлама субсидиялау және кредиттер бойынша ішінара кепілдік беру құралдары арқылы іске асырылады..

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-тың (бұдан әрі – Даму)<sup>15</sup> ақпараты бойынша 2021 жылғы 12 айда осы бағдарлама бойынша төленген субсидиялар сомасы 841,6 млрд теңге сомасына 20 986 жоба бойынша 82,5 млрд. теңгені, 300 млрд теңге сомасына 16 819 жоба бойынша берілген кепілдіктер сомасы 149,6 млрд теңгені құрады.

4) Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын орындау үшін Үкімет Агенттікпен бірлесіп, 2020 жылғы

<sup>14</sup>«Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін жеңілдікпен кредиттеу бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 19 наурыздағы №39 қаулысы

<sup>15</sup> www.damu.kz

16 наурыз бен 2021 жылғы 15 наурыз аралығындағы кезеңде экономиканың зардап шеккен секторларында ШОБ-тың қолданыстағы барлық кредиттері бойынша пайыздық мөлшерлемелерді жылдық 6%-ға дейін<sup>16</sup> субсидиялауды қамтамасыз етті. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша экономиканың зардап шеккен секторларындағы ШОБ субъектілерінің қарыздары бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау мерзімі 2021 жылғы 31 тамызға дейін ұзартылды.

Дамудың ақпаратына сәйкес:

– 2020 жылғы 15 наурыздан бастап 2021 жылғы 16 наурыз аралығындағы кезеңде 26,9 млрд теңге сомасына субсидия 577,3 млрд теңге көлеміндегі 12 мың қарыз бойынша берілді;

- 2021 жылғы 1 сәуірден 31 тамыз аралығында көлемі 271,3 млрд теңгеге 7 398 қарыз субсидияланған, төленген субсидия сомасы 4,1 млрд теңгені құрады.

Субсидиялау түріндегі қолдауды экономиканың зардап шеккен секторларындағы 5 109 ШОБ субъектісі пайдаланды.

Жиынтығында жоғарыда көрсетілген шаралар карантиндік шектеулердің әлсіреуі аясында жалпы экономикалық жағдайды қалпына келтіру жағдайында кредиттік белсенділікті қалпына келтірумен қатар белгіленген мақсатты мәні 10,5% болған кезде экономиканы кредиттеудің 2021 жылы 26,5%-ға өсуіне ықпал етті, оның ішінде:

- халықтың кейінге қалдырылған сұранысын іске асыру, жеңілдікті мемлекеттік тұрғын үй бағдарламаларын жалғастыру, сондай-ақ азаматтардың зейнетақы жинақтарын тұрғын үй жағдайларын жақсартуға пайдалану тетігін іске асыру аясында жеке тұлғаларға берілген кредиттердің 42,7%-ға 10,7 трлн теңгеге дейін өсуі;

- заңды тұлғаларға берілген кредиттердің 9,3%-ға 7,8 трлн теңгеге дейін, оның ішінде ШОБ-ты кредиттеудің 29,2%-ға 5,5 трлн теңгеге дейін өсуі есебінен.

**6-макроиндикатор: ІЖӨ-ге қатысты сақтандыру ұйымдары активтерінің үлесі – 2,20% (2021 жылы – 2,35%)**

2021 жылы ҚР №399-VI<sup>17</sup> Заңымен сақтандыру нарығын ынталандыру және дамыту бойынша бірқатар шаралар қабылданды, атап айтқанда, зейнетақы аннуитетінің құны төмендетілді және кейінге қалдырылған зейнетақы аннуитеті енгізілді, сондай-ақ салық жеңілдіктері енгізілді, инвестициялау үшін қаржы құралдарының спектрі кеңейтілді және сақтанушылар активтерінің сақталуына қойылатын талаптар арттырылды.

<sup>16</sup> Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың кейбір шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1060 қаулысына толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 20 қазандағы № 679 қаулысы

<sup>17</sup> «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 399 Заңы

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының жиынтық активтері 2021 жылдың жыл қорытындысы бойынша негізінен сақтандыру сыйлықақыларының өсуі және оларды бағалы қағаздарға инвестициялау есебінен 23,0%-ға 1 828,6 млрд теңгеге дейін ұлғайды.

Толығырақ ақпарат «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қаржылық тұрақтылығының біріктірілген индексі» 2-макроиндикаторының сипаттамасында берілген.

***7-макроиндикатор: Бағалы қағаздар нарығын капиталдандыру өсімі – 28,0% (2021 жыл үшін – 30,9%)***

2021 жыл үшін қор нарығын бірлескен капиталдандыру 30,9% немесе 10,4 трлн теңгеге өсіп, 44,2 трлн теңгені құрады. Қор нарығын капиталдандыру өсіміне негізгі салымды KASE-тегі мәмілелерді қайта жаңарту және «Kaspi.kz» АҚ қарапайым акцияларының баға өсімі, сондай-ақ индексті тізімнің көптеген компанияларының акцияларының баға өсімі жасады.

1. 2021 жылы қаржылық құралдардың, оның ішінде жеке орналастыруға арналған облигациялардың жаңа түрлерін енгізу үшін заңнамалық негіз құрылды және жеке акциялар шығару мүмкіндігін көздейтін Агенттік Басқармасының № 16<sup>18</sup> қаулысы қабылданды. 2021 жылғы 1 шілдеден бастап KASE-те ресми тізімнің құрылымында жеке орналастыруға жататын мемлекеттік емес бағалы қағаздарға арналған «Жеке орналастыру» жаңа алаңшасы ашылды. 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша «Жеке орналастыру» алаңшасындағы қор биржасының ресми тізіміне жалпы сомасы 40 млрд теңгеге 2 эмитенттің 2 облигациялар шығарылымы енгізілді.

2. Жасыл, әлеуметтік облигацияларды, тұрақты дамумен байланысты облигацияларды, инвестициялық облигацияларды шығару үшін заңнамалық талаптар құрылды және «жасыл», әлеуметтік, инвестициялық облигацияларды, тұрақты даму облигацияларын, сондай-ақ тұрақты дамумен байланысты облигацияларды шығару тәртібін көздейтін Агенттік

---

<sup>18</sup> «Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне) өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу, мемлекеттік емес облигацияларды өтеу қорытындылары туралы хабарламаны ұсыну және қарау, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының күшін жою қағидаларын, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне) өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу, мемлекеттік емес облигацияларды өтеу қорытындылары туралы хабарламаны қарау үшін құжаттарға қойылатын талаптарды, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының күшін жоюға арналған құжаттардың тізбесін және оларға қойылатын талаптарды, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының проспектісін (облигациялық бағдарлама проспектісін), мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне) өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды, мемлекеттік емес облигацияларды өтеу қорытындылары туралы хабарламаны жасау және ресімдеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 248 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 12 ақпандағы № 16 қаулысы

Басқармасының №96<sup>19</sup> қаулысы қабылданды. 2021 жыл барысында қор биржасының ресми тізіміне 20 млрд теңге сомасында 1 «жасыл» облигациялар шығарылымы және жалпы сомасы 28,4 млрд теңгеге 3 әлеуметтік облигациялар шығарылымы енгізілді.

3. KASE алаңындағы «KASE Global» алаңшасында шетелдік акциялардың сауда-саттығы іске қосылды. Бұл алаңшада шетел мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес тіркелген 43 эмитенттің (оның ішінде Netflix, Nvidia, ConocoPhillips және басқалары) акциялары саудаға шығарылған.

4. Банктерге өз клиенттеріне брокерлік қызметтердің толық спектрін көрсету құқығы берілген. Брокерлік шарттарды қашықтықтан және биометрия мен смс-кодты пайдалану арқылы жасау мүмкіндігі енгізілген. Қабылданған шаралар нәтижесінде 2021 жыл үшін бөлшек инвесторлар саны 134 мыңнан 218 мыңға дейін (+84 мың) 62,4%-ға өсті.

5. Стратегиялық инвесторлардың мүмкіндіктердің кеңейту үшін зейнетақы активтерінің бір бөлігін жеке компанияларға тапсыру іске асырылды, инвестициялық пай қорларының бағалы қағаздарының халық үшін қолжетімділігін арттыруға бағытталған заңнамалық өзгертулер іске асырылды. Қабылданған шаралар нәтижесінде, инвестициялық портфельді басқарушылардың жеке басқаруына 7,4 млрд теңге зейнетақы активтері берілді.

6. Clearstream халықаралық депозитарийінің Орталық депозитарийге қосылуы арқылы шетелдік инвесторлардың қазақстандық мемлекеттік бағалы қағаздарға тікелей қолжетімділігі қамтамасыз етілді. Нәтижесінде халықаралық инвесторлардың мемлекеттік бағалы қағаздарға жасаған инвестицияларының көлемі 795 млрд теңгеге дейін екі есеге өсті.

Жиынтықта қор нарығын белсендіру және зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша жоғарыда аталған шаралар 28,0% нысаналы мәні белгіленген жағдайда бағалы қағаздар нарығын жиынтық капиталдандырудың 2021 жыл үшін 30,9%-ға өсуіне ықпал етті.

### **3-стратегиялық бағыт.**

#### **Микроқаржыландыру жүйесін дамыту**

**3-мақсат. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдарды реттеуді жетілдіру, олардың жауапкершілігін күшейту және халықты жаппай кредиттеумен байланысты жүйелі тәуекелдерді шектеу**

**8-макроиндикатор: Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың несиелік портфелінің өсімі – 23% (2021 жыл үшін – 33%\*)**

<sup>19</sup> «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 24 қыркүйектегі № 96 қаулысы

Микроқаржылық ұйымдардың тұрақты қызмет етуін қамтамасыз ету мақсатында Агенттік 2021 жылы микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға (бұдан әрі – МҚҚЖАҰ) қатысты заңнамалық және реттеуші шаралар пакетін іске асырды:

1. Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында 2021 жылдың басынан Агенттік микроқаржылық қызметті лицензиялауды енгізді. Қазіргі уақытта микроқаржыландыру нарығын Агенттік толығымен реттеп және қадағалап отыр. Лицензияны беру бойынша, беруден бас тарту, тоқтату, әрекетін тоқтату үшін негіздемелер және лицензиядан бас тарту бойынша талаптар белгіленді.

2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша микроқаржыландыру нарығының субъектілеріне 1 073 лицензия берілді, оның ішінде: 612 ломбард, 219 кредиттік серіктестік, 21 онлайн-кредиттеу компаниясын қосқанда 242 МҚҰ.

2. ҚР № 43-VII ҚРЗ<sup>20</sup> Заңымен 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап жосықсыз ұйымдардың қызметіне жол бермеу, нарықтың тұрақтылығын және тұтынушыларды қорғауды қамтамасыз ету үшін микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың ірі қатысушылары мен басшы қызметкерлеріне мінсіз іскерлік беделді, өтелмеген соттылықтың, сыбайлас жемқорлық қылмыстарының болмауын қосқанда қатаң біліктілік талаптары енгізілген.

Микроқаржылық қызметті лицензиялаудың қабылданған қағидалары<sup>21</sup> шеңберінде микроқаржы ұйымдары қызметі қатысушыларының және басшы қызметкерлерінің микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесі белгіленген.

3. ҚР №399-VI ҚРЗ<sup>22</sup> Заңымен микроқаржыландыру субъектілеріне Агенттіктің барлық реттеушілік және қадағалау өкілеттіктерін қолдану үшін олар қаржы ұйымдарына жатқызылды. Бұл оларға қаржы ұйымдары үшін белгіленген жоғары талаптарды, оның ішінде ХҚЕС негізінде есеп жүргізу бойынша талаптарды таратуға мүмкіндік берді.

2021 жылы МҚҚЖҰ-ға қатысты анықталған заң бұзушылықтардың қорытындылары бойынша 356 шектеулі ықпал ету шаралары қолданылды және жазбаша ескерту нысанында 46 санкция шығарылды, 71 әкімшілік айыппұл салынды.

4. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау үшін жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің (ЖТСМ) 56% мөлшеріндегі шекті

<sup>20</sup> «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында банктік, микроқаржылық және коллекторлық қызметті реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 24 мамырдағы № 43-VII ҚРЗ Заңы

\* 01.01.2022ж. жағдай бойынша алдын ала деректер бойынша

<sup>21</sup> «Микроқаржылық қызметті лицензиялау қағидаларын, микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға арналған біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 23 қарашадағы № 108 қаулысы

<sup>22</sup> «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 399-VI ҚРЗ.

мәнін сақтау бойынша талап қолданылады. Агенттік Басқармасының № 49 қаулысымен<sup>23</sup> 50 АЕК дейінгі сомаға және мүлік кепілімен қамтамасыз етілген 45 күнге дейінгі мерзімге берілетін микрокредиттерге қатысты сыйақының шекті номиналды мөлшерлемесі 30%-дан 20%-ға дейін төмендетілді.

5. Ауылдық өңірлерде микро, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне микрокредит беруді дамыту үшін «Бастау Бизнес» жобасының түлектеріне кредит беру мақсатында «Атамекен» ҰКП-ның қатысуымен 17 МҚҰ-ның жұмысын бастауға лицензиялар берілді.

6. Тұтынушылардың құқықтарын онлайн-микрокредит беру саласындағы алаяқтықтан қорғау үшін клиентті оның физиологиялық және биологиялық ерекшеліктері (клиенттің фотосы, видеосы) негізінде биометриялық сәйкестендіру бойынша талапты енгізу жолымен сәйкестендіру рәсімдері күшейтілді, қарыз алушыны міндетті екі факторлы сәйкестендіру қосымша белгіленді. Ол үшін қазақстандық банкаралық есеп айырысу орталығының сәйкестендіру деректерімен алмасу орталығының қызметтеріне микроқаржыландыру нарығы көлемінің 24,5% үлесімен онлайн-микрокредиттер ұсынатын 25 МҚҰ қосылған. Бұл алаяқтық тәуекелдерін және үшінші тұлғалардың жеке деректерді пайдалануын жоюға мүмкіндік берді.

Қабылданған шараның тиімділігі алаяқтық белгілері анықталған халыққа 2020-2021 жылдары МҚҰ берген микрокредиттерге жүргізілген мониторинг нәтижелерімен расталады. 2021 жылғы мамырдан желтоқсанға дейін жалған микрокредиттердің 245 жағдайы тіркелді. Ал 2020 жылдың ұқсас кезеңінде микрокредиттерді алаяқтық тәсілмен ресімдеудің 1187 жағдайы тіркелген, яғни интернет-алаяқтық фактілері 79,35%-ға төмендеген.

Жиынтығында жоғарыда көрсетілген шаралар карантиндік шектеулердің әлсіреуі аясында жалпы экономикалық жағдайды қалпына келтіру жағдайында кредиттік белсенділікті қалпына келтірумен қатар, МҚҚЖҰ-ның жиынтық несие портфелінің 23% белгіленген нысаналы мәні кезінде 33%-ға өсуіне ықпал етті.

#### **4-стратегиялық бағыт.**

#### **Қаржы нарығында жаңа технологияларды қолдану, қаржылық көрсетілетін қызметтерді цифрландыру**

**5-мақсат. Қаржы ұйымдарының ашықтығын арттыру, тұтынушылар үшін цифрлық қаржылық өнімдер мен қызметтерінің тізбесін кеңейту**

***9-макроиндикатор: Қаржы өнімдері мен сервистер үшін Open API пайдаланатын екінші деңгейдегі банктердің үлесі – 25% (2021 жылы – 27%)***

<sup>23</sup> «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне банктік және микроқаржылық қызметті реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Агенттік Басқармасының 2021 жылғы 15 наурыздағы № 49 қаулысы.

Есепті кезеңде Агенттік Open API және Open Banking бөлігінде екінші деңгейдегі банктерді цифрландыру деңгейін бағалау үшін екінші деңгейдегі банктер (бұдан әрі – ЕДБ) арасында Open API технологиясын пайдалану мәніне сауалнама жүргізді. Алынған жауаптарға сәйкес, 22 ЕДБ-нің 6 ЕДБ-де өнеркәсіптік шешім іске асырылды, 9 ЕДБ-де іске асыру жоспарланған немесе пилоттық жоба іске асырылды. Осылайша, 2021 жылы ЕДБ-де Open API технологиясын қолдану пайызы 27% құрайды.

ЕДБ-нің Open API және Open Banking технологияларын пайдалануы бойынша жүргізілген сауалнама негізінде Open API және Open Banking технологияларын дамыту мен енгізуге кедергі келтіретін мынадай негізгі факторлар анықталды:

1. Заңнамалық және реттеушілік шектеулер.
2. Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдері.
3. Тиісті инфрақұрылымның болмауы.

Көрсетілген кедергілерді жою және 2022 жылы ЕДБ-нің Open API пайдалану көрсеткішінің нысаналы мәніне қол жеткізу үшін Open API және Open Banking технологияларын одан әрі дамытуды көздейтін ұсыныстар әзірленді.

### **5-стратегиялық бағыт.**

#### **Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын жүйелі қорғауды қамтамасыз ету үшін халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру**

##### **5-мақсат. Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру**

***10-макроиндикатор: Қаржылық сауаттылық индексі - 39,50% (2021 жылы – 39,52%)***

1. Қаржылық сауаттылықты арттырудың 2020-2024 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде (бұдан әрі – Тұжырымдама)<sup>24</sup> Агенттік әртүрлі байланыс арналарын: халықтың қаржылық сауаттылығы жөніндегі [www.fingramota.kz](http://www.fingramota.kz) (бұдан әрі – Fingramota.kz сайты) арнайы оқытатын медиапортал, FinGramota-ның Facebook, Instagram, Telegram, Twitter, ВКонтакте, Одноклассники, YouTube (бұдан әрі – әлеуметтік желілер) желілеріндегі ресми аккаунттарын, алдыңғы қатарлы БАҚ-ты (InBusiness.kz, Nur.kz, Dknews.kz, Kapital.kz, Ratel.kz) қолдану арқылы жүйелі түрде ауқымды ақпараттық-түсіндірме жұмысын жүргізіп отырады.

Fingramota.kz сайты мен әлеуметтік желілерде қаржылық сауаттылық бойынша мемлекеттік және орыс тілдеріндегі 40-тан астам оқытатын бейнероликтер орналастырылған. «OYLA» жастарға арналған ғылыми-танымал журналында жалпы саны әрқайсысы 28 жолақ беттен тұратын мемлекеттік және орыс тілдерінде аталған басылымның 14 шығарылымы жарияланған. 2021 жылдың қорытындылары бойынша Fingramota.kz

<sup>24</sup> «Қаржылық сауаттылықты арттырудың 2020-2024 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 мамырдағы № 338 қаулысы

сайтының бірегей пайдаланушыларының жалпы саны шамамен 83 997 адамды құраған.

2021 жылы студенттер, зейнеткерлер, Қазақстан өңірлерінің тұрғындары, журналистер мен квазимемлекеттік компаниялардың қызметкерлері тәрізді халықтың нысаналы топтары үшін қаржылық сауаттылық бойынша 8 лекция, вебинарлар өткізілген.

ҚҚҚ мен қаржы ұйымдарымен бірлесе отырып, Тұжырымдаманы іске асыру шеңберінде оқытатын іс-шаралар ұйымдастыру жұмысы жалғасуда.

2. Агенттік қаржылық пирамидалар мен қаржылық алаяқтыққа қарсы іс-қимыл бойынша ақпараттық-түсіндірме жұмысын жүргізеді.

Агенттіктің ресми интернет-ресурсында 2021 жылғы 7 қазанда қызметінде қаржылық пирамида белгілері анықталған субъектілердің және қызметінде Қазақстан Республикасының аумағында қаржы қызметтерін дербес түрде және (немесе) делдалдар тарту арқылы, тиісті лицензия немесе рұқсатсыз көрсету белгілері бар және олардың атына Агенттікке азаматтардан шағым түскен тұлғалардың тізімі орналастырылған.

Fingramota.kz сайтында алаяқтық және қаржылық пирамидалар тақырыбы бойынша 4 ақпараттық графика мен мемлекеттік және орыс тілдеріндегі 116 ақпараттық материал орналастырылған, солардың негізінде БАҚ-та 320-дан астам жарияланым/сюжет шыққан, оның ішінде өңірлік БАҚ-та-125 жарияланым/сюжет, әлеуметтік желілерде мемлекеттік және орыс тілдерінде 650-ден астам пост орналастырылған.

3. Тұтынушылармен жедел өзара әрекет жасау мақсатында 2021 жылғы 24 мамырдан бастап Call-орталық іске қосылып, сол арқылы азаматтардан мемлекеттік және орыс тілдерінде 7531 қоңырау қабылданған және өңделген. 2020 жылғы 25 маусымнан бері «Fingramota Online» мобильді қосымшасы жұмыс істейді, оның көмегімен жұмыстың тұтастай кезеңінде азаматтардан 5 мыңнан астам сұрақ түскен және өңделген, соның ішінде 2021 жылы – 2,5 мың өтініш келіп түскен.

4. 2021 жылы қаржылық сауаттылық деңгейіне әлеуметтанушылық зерттеу жүргізіліп, ол Қазақстанның 14 облысынан және Алматы, Нұр-Сұлтан және Шымкент сияқты республикалық мәні бар қалалардан кемінде 2500 респондентті қамтыған.

Аталған зерттеудің қорытындылары бойынша қаржылық сауаттылық индексінің мәні белгіленген 39,5%-ды құрайтын нысаналы мән жағдайында 39,52%-ды құраған.

### **Жүргізілген бақылау іс-шаралары, мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдамалық іс-шаралар туралы мәліметтер**

2021 жылы Қазақстан Республикасының Есеп комитеті мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті Агенттік қызметіне мемлекеттік аудит және басқа да бақылау, сараптамалық-талдамалық іс-шаралар жүргізген жоқ.



## **Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің көлемі**

2020 жылмен салыстырғанда 2021 жылы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің өсу үрдісі байқалады. Осылайша, 2021 жылы Агенттік 2102 мемлекеттік қызмет көрсеткен – 2020 жылға қарағанда 11,22%-ға (212) артық, 2020 жылы – 1890.

Бұл ретте, Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне<sup>25</sup> (бұдан әрі - Тізілім) сәйкес Агенттік 32 мемлекеттік қызмет көрсетеді, оның ішінде:

- 26 мемлекеттік қызмет «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы электрондық нысанда ғана көрсетіледі;
- 6 мемлекеттік қызмет электрондық/қағаз нысанда көрсетіледі.

### **Агенттіктің даму жоспарын іске асыру нәтижелері туралы қорытындылар**

Жүргізілген талдау нәтижелері Агенттіктің 2020 - 2024 жылдарға арналған даму жоспарында көрсетілген Агенттік қызметінің негізгі стратегиялық бағыттары бойынша Агенттіктің 2021 жылы жоспарланған мақсаттары мен нысаналы индикаторларының орындалғанын көрсетті.

### **Ұсыныстар**

Агенттік қызметінің негізгі стратегиялық бағыттары бойынша Агенттік қол жеткізуге жоспарланған нысаналы индикаторларды орындау жөніндегі даму жоспарын іске асыру бойынша жұмысты одан әрі жалғастыру.

**Төраға**

**М. Әбілқасымова**

---

<sup>25</sup> «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 3 қаңтардағы № 39/НҚ бұйрығы.